

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІПЕТ МИНИСТРЛІГІ
 2008 ж. « 20 » 11 ай күні
 Түпте мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
 № 66915-1910-АК куәлік
 Алғашқы тіркелген күні 2004 ж. « 10 » 11 ай күні
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА
 ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕКОПИТКА ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА « 20 » 11 2008 г.
 Свидетельство № 66915-1910-АК
 Дата первичной регистрации « 10 » 11 2004 г.
 ЕСНБИН 041140004401

«Қазақстан Халық банкінің «Налык Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамның жалғыз акционері - «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының 2012 жылғы «30» мамыр № 145 шешімімен БЕКІТІЛДІ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІПЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІПЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӨДІПЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
 № 2273 айырығы
 2012 ж. « 16 » 08 ай күні
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА
 ВНЕСНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В
 УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 ПРИКАЗ № 2273
 16. 08 2012 г.

«Қазақстан Халық банкінің «Налык Finance» Еншілес ұйымы» Акционерлік Қоғамының ЖАРҒЫСЫ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІПЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІПЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӨДІПЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
 № 1905 айырығы
 2014 ж. « 03 » 04 ай күні
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА
 УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫ
 С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ
 ПРИКАЗ № 1905
 03. 04 2014 г.

Алматы қ., 2012 г.

КЕЛЕСІ БЕТТІ
 ҚАРАҢЫЗ
 СМОТРИ
 НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы «Қазақстан Халық банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Қоғам») құқықтық жағдайын, ұйымдастыру және қызмет ету тәртібін, қайта құру және тарату тәртібін, құқықтар мен міндеттерді, Қоғам акционерлері мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің шарттарын, органдары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттігі мен жауапкершілігін анықтайды.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-II Заңына сәйкес (бұдан әрі – «Заң»), Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылдың 2 маусымындағы № 461-II Заңына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жана редакцияда өңделіп, бекітілді. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылдың 28 желтоқсанындағы № 524-IV ҚРЗ Заңына сәйкес қайтадан қаралынды.

1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ

1. Қоғамның толық атауы:

- қазақ тілінде – «Қазақстан Халық банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде – Акционерное Общество «Дочерняя организация Народного Банка Казахстана «Halyk Finance»;
- ағылшын тілінде – «Subsidiary organization of Halyk Bank of Kazakhstan «Halyk Finance» Joint-stock company.

2. Қоғамның қысқарған атауы:

- қазақ тілінде – «Halyk Finance» АҚ;
- орыс тілінде – АО «Halyk Finance»;
- ағылшын тілінде – «Halyk Finance» JSC.

3. Қоғамның атқарушы органының тұрғылықты жері: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы к., Әл-Фараби даңғ., 19/1, «Нурлы-Тау» көпфункционалды орталығы, 3 Б, 6 этаж.

2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

4. Қоғам Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде қарастырылған нормаларға сай, Қазақстан Республикасы аумағында заң күшіне ие Заңдар мен өзге нормативті құқықтық актілерге сәйкес құрылып, тіркелген.

5. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен аталған Жарғыға сай жүргізеді. Қоғамның меншіктік түрі – жеке меншік.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сай коммерциялық ұйым – заңды тұлға болып табылады, өз іскерлігін жүзеге асыру мақсатында қаржы табу үшін акция шығарады және акционерлердің мүддесін көздеп, пайда табу мақсатында өз өзіметін жүзеге асырады.

7. Қоғамның қаржылық және өндірістік іс-әрекеті өзіндік шаруашылық негізінде жүзеге

асырылады.

8. Қоғамның өз атауы көрсетілген мөрі, өз атауы бар бланкілері мен өз қызметін жүзеге асыруға қажетті реквизиттері бар; жеке балансы, банкілік есеп-шоты бар.

9. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

3. ИНДИВИДУАЛИЗАЦИЯ ҚАРАЖАТЫ МЕН ҚОҒАМНЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

10. Қоғамның мөрі, сонымен қатар мөртабандары, бланкілері, эмблемалары мен өз қызметін жүзеге асыру барысында өзін индивидуализациялауға қажетті өзге де реквизиттері бар.

11. Қоғамның реквизиттері сол Қоғамның жұмыс жүргізу тілінің бірін немесе бірнешеуін қолдану арқылы рәсімделеді, олар мемлекеттік тіл, орыс және ағылшын тілдері.

4. ҚОҒАМ МЕН ОНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

12. Қоғам өз мүліктерінің көлеміне сай өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді.

13. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді.

14. Қоғам акционерлері қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және қоғамның қызметінен туындаған шығындарға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қаралған жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны мөлшерінде шығындалады.

15. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қаралған жағдайларды қоспағанда және қоғам немесе мемлекет өзіне арнайы жауапкершілік алмаса, мемлекет қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты қоғам да мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

16. Қоғам акционерлерінің мүддесін қорғау мақсатында, Қоғам акционерлерінің арасында, оның органдары мен лауазымды тұлғалары арасында, сонымен қоса Қоғам (оның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері) мен үшінші тұлғалар арасында қызметтік қарым-қатынас этикасының жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету үшін Қоғамның корпоративті басқару кодексі қабылданады.

5. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

17. Қоғам қызметі мен оны құрудағы негізгі мақсаты оның заңды қызметін жүзеге асыру нәтижесінде акционерлер мүддесі үшін пайда табу болып табылады.

18. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) бағалы қағаздар рыногында брокерлік қызметті жүзеге асыру, соның ішінде номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің есеп-шоттарын жүргізу құқығына ие болуы;

2) дилерлік қызметті жүзеге асыру;

3) инвестициялық портфельді басқару;

4) андеррайтинг;

5) кеңес беру;

6) маркет-мейкердің қызметі;

7) бағалы қағаздар иелерінің өкілінің қызметі;

8) бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногына бағалы қағаздардың жаңа эмитенттерін шығару;

9) заңды тұлғалардың акционерлік капиталына қатысу;

10) ақпараттық қызмет көрсету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған өзге қызмет

түрлерін жүзеге асыру.

19. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған лицензиялауды қажет етілетін қызмет түрлерін, Қоғамның тиісті қызмет түріне лицензияны белгіленген тәртіпте алғаннан соң барып жүзеге асырады. Қоғамның белгілі бір қызмет аясында әрекет ету құқығы лицензияны алған сәттен бастап іске қосылады да, Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайларға сәйкес тоқтатылады

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

20. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған құқықтарға ие.

21. Қоғам өз акционерлерінің мүлігінен оқшауландырылған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкі мөлшерінде ғана жауапкершілікке ие.

22. Қоғам өз атынан келісім-шарт жасауға (келіссөз, контракт), құқық пен міндеттерге ие болуға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сонымен қоса Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

23. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған талапқа сай облигациялар мен өзге де бағалы қағаз түрлерін шығаруға және таратуға құқы бар.

24. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында белгіленген талапқа сай Қазақстан Республикасы аумағы мен одан тыс аймақтардағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы. Қоғамның еншілес ұйым құруға немесе оған ие болуға құқығы жоқ.

25. Қоғам өз филиалдары мен өкілдіктерін Қазақстан Республикасы мен шет елдерде құра алады, оларды өз жекеменшік мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатымен қамтамасыз етіп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға сәйкес олардың қызмет тәртібін анықтай алады.

26. Филиалдар мен өкілдіктерді басқару қызметін Қоғам тарапынан тағайындалатын тұлғалар жүзеге асырады. Филиал жетекшісі немесе өкілдік басқарушысы Қоғамнан алған сенімхат негізінде әрекет етеді.

27. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында және аталған Жарғыда қарастырылған өзге де құқықтарды пайдалана алады.

7. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

28. Қоғам акционерлері ретінде заңды және (немесе) жеке тұлғалар болуы мүмкін.

Шет елдік заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы аумағында заңнамалық актілер мен (немесе) халықаралық келісім шарттарға сай Қоғам қызметіне қатысу құқығына ие болады.

29. Қоғам акционерінің төмендегілерге құқығы бар:

1) Заңда және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпке сәйкес Қоғамды басқару ісіне қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) акционерлердің жалпы жиналысында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпараттар алуға, сонымен қатар Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға құқы бар екенін дәлелдейтін көшірме қағаз алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлануға үміткер ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот жолымен таласқа түсу;

7) Қоғамға оның қызметі туралы сауал хат жазып, ол Қоғамға жеткен күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде негізделген жауап алуға;

8) Ұйымды тарату кезінде Қоғам мүліктерінің бір бөлігін иемденуге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Заң белгілеген тәртіпте өз акциясына аударылатын Қоғамның акциялары мен өзге бағалы қағаздарын сатып алу артықшылығына;

10) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызына жеке өзі немесе басқа акционерлермен біріккен түрде ие болса Заңның 63-74 тармақтарында қарастырылған жағдайларда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген шығындарды Қоғамға өтеу туралы және ірі мәмілелер және (немесе) жасалуынан пайда түсетін мәмілелер жасау туралы (жасауға ұсыныстар) шешімдер қабылдау нәтижесінде Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) аффилиирленген тұлғалары алған табыстарды Қоғамға қайтару туралы талаптарымен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған талапқа сай өзге де рұқсат етілген әрекеттерді орындауға құқылы.

30. Ірі акционердің мынадай құқықтары бар:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақыру ұсынысын қабылдамаған жағдайда жиналысты шақыруды талап етіп сотқа арыз беруге;

2) Заңға сәйкес акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге Директорлар кеңесіне ұсыныс жасауға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;

4) аудиторлық ұйым тарапынан Қоғамға өз есебінен аудит өткізуді талап етуге құқылы.

31. Осы Жарғының 29 және 30 тармақтары белгілеген акционерлер құқығын шектеуге жол берілмейді.

Акционерлер осы Жарғыда қарастырылған қосымша құқықтарға ие болуы мүмкін.

32. Қоғам акционері төмендегілерге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) күн ішінде Қоғам тіркеушісін немесе аталған акционерге тиесілі акцияның номиналды ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушылардың реестр жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабардар етуге;

3) Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес міндеттемелерді орындауға міндетті.

33. Қоғам мен Қоғам тіркеушісі осы Жарғының 32 тармақтағы 2) тармақшада белгіленген талаптарды акционердің орындамағаны үшін жауап бермейді.

8. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

34. Қоғамның жарғылық капиталы акцияны құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) тарапынан оның номиналдық бағасымен төлеу арқылы және Заңмен бекітілген талаптарға сәйкес белгіленген орналастыру бағасымен инвесторлар тарапынан төлеу арқылы құрылып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында болады.

35. Қоғамның жарғылық капиталының ұлғаюы Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асасырылады.

9. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

36. Қоғам жай акция және артықшылыққа ие акция шығаруға құқығы бар. Акциялар құжатсыз үлгіде шығарылады. Акция бөлінбейді. Егер акция жалпы меншік құқығында бірнеше тұлғаға тиісті болса, олардың барлығы бір акционер саналып өздерінің ортақ өкілі арқылы акция беретін құқықты пайдаланады. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша бекітілмесе, бір үлгідегі акция оған иелік етуші акционерге, осы акция түріне ие басқа акционерлердікіндей бірдей құқық береді.

37. Қоғам шығарылу шарты және тәртібі, орналастыруы, айналысы және өтелуі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен бекітілетін өзге де бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

38. Жай акция акционерге дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешу барысында дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға, Қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивиденттер алу құқығына ие болуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте Қоғамды тарату кезінде Қоғам мүлкінің бір бөлігіне ие болуға мүмкіндік береді.

39. Артықшылыққа ие акцияның иегерлері – акционерлердің жай акция иелерінен артықшылығы – осы Жарғыға сәйкес дивиденттерді алдын-ала белгіленген кепілді көлемде ала алады және Заңда бекітілген тәртіпте Қоғамды тарату кезінде Қоғам мүлкінің бір бөлігіне ие болады.

Артықшылыққа ие акция акционерге төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда акционерге Қоғамды қатысуға құқық бермейді.

Артықшылыққа ие акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқық береді, егер:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында шешімі артықшылыққа ие акционерлердің құқығын шектейтін мәселе қаралса. Мұндай мәселені шешу кезінде сол шектеуді қолдап артықшылыққа ие үлестірілген акциялардың (сатып алынған артықшылыққа ие акцияларды қоспағанда) жалпы санының үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана сол қарар қабылданған болып саналады;

Артықшылыққа ие акция акционерлерінің құқығын шектейтін мәселе бойынша шешім қабылдайтын мәселелерге төмендегілер жатады:

артықшылыққа ие акциялар бойынша төленетін көлемді азайту туралы немесе ол көлемді есептеу тәртібін өзгерту туралы;

артықшылыққа ие акциялар бойынша дивиденттердің төлеу тәртібінің өзгеруі туралы; қоғамның артықшылыққа ие акцияларын жай акцияларға айырбастау туралы;

2) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта артықшылыққа ие акциялар Қоғам тарапынан сатып алынған жағдайда, оның бағасын анықтау әдісіне өзгертулерді бекіту туралы мәселені Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қарастырса;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында Қоғамды қайта құру немесе тарату мәселесі қаралса;

4) артықшылыққа ие акцияға белгіленген дивиденд төленуге белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) айдың ішінде толық көлемде өтелмесе.

40. Орналастыру кезінде Қоғамның артықшылыққа ие акцияларының мөлшері оның үлестірілген акцияларының жалпы санының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауы керек.

41. Егер Қоғам жай акцияларға айырбасталымды жарияланған акцияларды немесе өзге бағалы қағаздарды орналастырмақ болса, сонымен қатар бұған дейін сатып алынған аталған бағалы қағаздарды іске асырмақ болса шешім қабылданғаннан бастап 10 күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарландыру арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Қоғам органы бекіткен орналастыру (өткізу) бағасы бойынша оларды бағалы қағаздарды қолдарында бар акцияларға пара-пар мөлшерде сатып алу туралы хабарлар етуі керек. Қоғам тарапынан акциялардың орналастырылуы (өткізілуі) туралы хабарланғаннан бастап 30 (отыз) күн ішінде акционер артықшылыққа ие сатып алу құқығына сәйкес Қоғамның акциясына айырбасталатын акцияларды немесе өзге бағалы қағазды алуға өтініш беруге құқылы.

Сонымен қоса Қоғамның жай акциясына ие акционер Қоғамның жай акцияларына

айырбасталатын жай акцияларды не өзге бағалы қағаздарды айрықша басымдылықпен сатып алу құқына ие, ал артықшылыққа ие акциялардың иегері сол артықшылыққа ие акцияларды басымдылықпен сатып алуға құқылы.

Айрықша басымдылықпен сатып алынатын, Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялары немесе өзге бағалы қағаздары үшін төлемді оларды сатып алуға өтініш берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

42. Егер Қоғам жарияланған акцияларды орналастырмақ болса, сонымен қатар құзыретті орган талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен пруденциялық және басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында бұған дейін сатып алынған акцияларды іске асырмақ болса, акцияларды орналастыру туралы шешім қабылданғаннан бастап 5 (бес) күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарландыру арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Қоғам органы бекіткен орналастыру (өткізу) бағасы бойынша оларды бағалы қағаздарды қолдарында бар акцияларға пара-пар мөлшерде сатып алу туралы хабардар етуі керек. Қоғам тарапынан акциялардың орналастырылуы (өткізілуі) туралы хабарланғаннан бастап 5 (бес) күн ішінде акционер артықшылыққа ие сатып алу құқығына сәйкес Қоғамның акциясына айырбасталатын акцияларды немесе өзге бағалы қағаздарды сатып алуға өтініш беруге құқылы.

Айрықша басымдылықпен сатып алынатын, Қоғамның акциялары үшін төлемді оларды сатып алуға өтініш берген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялары немесе өзге бағалы қағаздары үшін төлем жасалмаған жағдайда белгіленген мерзім өткеннен кейін өтініш жарамсыз болып саналады.

43. Осы Жарғының 41 және 42 тармақтарында бекітілген айрықша басымдылықпен сатып алынатын, Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялары немесе өзге бағалы қағаздары үшін төлем мерзімінің талаптары акция Қазақстан Республикасының өкіметі тарапынан республикалық мемлекеттік мүлікке билік етуге уәкіл еткен мемлекеттік орган тарапынан сатып алынған жағдайларға қатысы болмайды.

Айрықша басымдылық құқығымен Қазақстан Республикасының өкіметі тарапынан республикалық мемлекеттік мүлікке билік етуге уәкіл еткен мемлекеттік органы сатып алынатын, Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялары немесе өзге бағалы қағаздары үшін төлемді оларды сатып алуға өтініш берген күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде жүзеге асырылады.

44. Осы Жарғының 41, 42 және 43 тармақтарында белгіленген мерзім өткеннен кейін Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялары немесе өзге бағалы қағаздары үшін төлем жасалмаса өтініш жарамсыз болып саналады.

45. Заңмен қарастырылған тәртіпте Қоғам акция орналастыру (өткізу) кезінде оған басқа қоғам қосылған жағдайда Қоғамның акционерлеріне айрықша басымдылықпен сатып алу құқығы берілмейді.

46. Жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу және Қоғам акцияларының орналастырылуы қорытындылары туралы есеп беру, сонымен қатар Қоғамның үлестірілген акцияларының бір түрін Қоғамның акцияларының басқа түріне айырбасталатын жағдайда оған өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мерзім мен тәртіпте жүзеге асырылады.

47. Қоғам акциясын ұстаушының реестрін құру, жүргізу және сақтау Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сай Қоғам тіркеушісі тарапынан жүргізіледі.

48. Қоғамның үлестірілген акцияларын сатып алу және Қоғамның үлестірілген акцияларының бір түрін Қоғамның акцияларының басқа түріне айырбасталатын Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген талаптарға сай жүргізіледі.

49. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге салуына Қоғамның ішкі құжаттарының ережелерімен шек қойыла алмайды немесе істен шығарыла алмайды, егер кепіл шартына сәйкес

басқа талап көрсетілмесе Акционердің өзі кепілге салған акциядан дивиденд алуға дауыс беру құқығы бар. Қоғам өзі үлестірген бағалы қағаздарды мынандай жағдайда кепілдікке қабылдай алады:

1) егер кепілге берілетін бағалы қағаздар толығымен төленген болса;

2) егер Қоғамға кепілге берілетін және ондағы кепілдіктегі акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акциялардан тыс, Қоғам үлестірген акциялардың 25 %-нан (жиырма бес пайызынан) аспаса;

3) егер кепілдік туралы келісім шартты Қоғамның директорлар Кеңесі қолдаса.

Кепілдік шарты бойынша өзге талап қойылмаса, Қоғам тарапынан үлестірілген және ондағы кепілдікте бар акциялар бойынша дауыс беру құқығы акционерге беріледі. Қоғам өзінде кепілдікте тұрған акциялармен дауыс беруге құқығы жоқ. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілдікке тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында бекітілген талапқа сай анықталады.

10. ҚОҒАМ АКЦИЯСЫНЫҢ ДИВИДЕНТТЕРІ

50. Қоғам акциясының дивиденттері дивиденттерді төлеу туралы шешім Қоғамның жай акциясына дауыс беруші акционерлердің жалпы жиналысында басым дауыспен қабылданған жағдайда ақшамен немесе бағалы қағаздармен төленеді, артықшылыққа ие акциялардың дивиденттеріне бұл қатысты емес.

Қоғамның артықшылыққа ие акцияларының дивиденттерін бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

Қоғам акцияларының дивиденттерін оның бағалы қағаздарымен өтеу Қоғамның жарияланған акциялары мен ол шығарған облигацияларға акционер жазбаша түрде келісім берсе ғана мүмкін болады.

Дивиденттерді алу құқығына ие акционерлердің тізімі дивиденттер төлеуді басталатын күннің алдындағы күнге келетін уақытпен сәйкес құрылуы керек.

Егер акциялардан айыру туралы келісім шартта басқаша көрсетілмесе, төленбеген дивиденттер үшін акциядан айыру оларды жаңа акция иегерінің иемденуіне құқық береді.

51. Қоғам акцияларының дивиденттерін төлеу жиілігі осы Жарғы және (немесе) акциялардың шығарым аңдатпасымен анықталады.

52. Қоғам акцияларының дивиденттерін төлеу төлем агенті арқылы жүзеге асады. Төлем агенті қызметін өтеу Қоғамның есебінен жүргізіледі.

53. Егер акцияларды Қоғам шығармаған болса немесе Қоғам өзі сатып алған болса, сонымен қатар сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы арқылы оны тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, ондай акциялар бойынша дивиденттер есептелінбейді және төленбейді.

54. Қоғамның жай және артықшылыққа ие акцияларына дивиденттер бөлу мына жағдайларда рұқсат етілмейді:

1) егер жеке капиталдың көлемі болымсыз болса немесе Қоғамның жеке капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивиденд бөлу нәтижесінде болымсыз болса;

2) егер Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Қоғамның өтеу қабілетсіздігі немесе төлемақыға дәрменсіз болса, не аталған белгілер Қоғам акциялары бойынша дивиденд бөлу нәтижесінде көрініс берсе.

55. Акционер Қоғамның қарызының пайда болу мерзіміне тәуелсіз алынбаған дивиденттердің төлемін талап етуге құқылы.

Дивиденттер белгіленген уақытында төленбеген жағдайда акционерге дивиденттің негізгі сомасы және қаржылық міндетті орындау күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесімен есептелетін өсім немесе тиісті бөлігі төленеді.

56. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді квартал, жарты жылдық немесе

өткен жылдардың қорытындылары бойынша төлеу акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешім бойынша жүзеге асырылады. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді квартал, жарты жылдық немесе өткен жылдардың қорытындылары бойынша төлем жасау туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде бір жай акция дивидентінің өлшемі көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акцияларына дивиденттерді төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қабылданады.

Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқығы бар, ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарына шешім қабылданғаннан бастап 10 (он күн) ішінде міндетті түрде жариялайды.

57. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылданғаннан бастап 10 (он күн) жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануы керек.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімінде мынандай мәліметтер қамтылуы керек:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан мекені, банкілік және өзге реквизиттері;
- 2) дивиденттер төленетін мерзім;
- 3) бір жай акцияға белгіленген дивиденд мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу мерзімінің басталатын уақыты;
- 5) дивиденттерді төлеу тәртібі мен формасы.

58. Қоғамның артықшылыққа ие акциялары бойынша дивиденд төлеу үшін Қоғам органының шешімі қажет етілмейді. Қоғамдағы артықшылыққа ие акцияларға дивиденд төлеу акцияларды шығару аңдатпасына сәйкес қаржылық жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет жүзеге асырылады.

Артықшылыққа ие акцияларға бөлінетін дивиденттер көлемі осы мерзім ішінде жай акцияларға бөлінген дивиденттер мөлшерінен аз болмауы керек.

Қоғамдағы артықшылыққа ие акциялардың дивиденттерін толық өтеп болмайынша жай акциялардың дивиденттерін төлеу жүргізілмейді.

59. Қоғамдағы артықшылыққа ие бір акцияның кепілдік дивидендінің өлшемі 0,01 теңге болып саналады.

Қоғамның артықшылыққа ие акциялары бойынша дивиденттерді төлеу мерзімі басталудан бұрын 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Жарғының 57 тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында атап көрсетілген мәліметтерімен дивиденттерді төлеу туралы және Қоғамның бір артықшылыққа ие акциясына есептелген дивиденд мөлшері туралы ақпаратты Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауы керек.

11. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

57. Қоғамның органдарына мыналар жатады:

- жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы (Қоғамның барлық дауысқа ие акциялары бір акционерге тиесілі болса – сол акционер);
- басқару органы – Директорлар Кеңесі;
- атқарушы орган – коллегиялық орган, атап айтқанда, Басқарма;

12. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

61. Қоғамның ең жоғарғы органы акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

62. Қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі 5 (бес) ай ішінде әр жыл сайын Қоғам жыл сайынғы акционерлердің жалпы жиналысын өткізеді. Акционерлердің басқа жалпы

жиналыстары кезектен тыс болып саналады.

63. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысынды:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі;
- 2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісінің бөлініс реті анықталып, Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) Қоғамның және лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне акционерлердің жүгінуі туралы мәселе қарастырылады және оның нәтижесі қарастырылады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлерін Директорлар Кеңесі мен Қоғам Басқармасының мүшелерін марапаттаудың өлшемі және құрамы туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жылдық жиналысында шешімін қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының міндетіне жататын өзге де мәселелерді қарауға құқығы бар.

64. Дауысқа ие акциялардың барлығы бір акционерге тиесілі Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Шешімі Заңмен және Қоғамның осы Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысы міндетіне жатқызылған мәселелері бойынша шешімдерді жалғыз акционер өзі қабылдап, оның шешімі ерекше артықшылыққа ие акциялардың құқығын шектемейтін болса жазбаша түрде рәсімделеді.

Егер осы тармақтың бірінші абзацында қаралған жағдайдағыдай Қоғамның барлық дауысқа ие акцияларына ие адам заңды тұлға болса, онда Шешімі Заңмен және Қоғамның осы Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысы міндетіне жатқызылған мәселелері бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және заңды тұлғаның Жарғысына сәйкес осы мәселелер бойынша осындай шешім қабылдауға құқығы бар орган, лауазымды тұлғалар немесе заңды тұлғаның қызметкерлері қабылдайды.

65. Акционерлердің жалпы жиналысының міндетіне жататын мәселелер:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды корпоративті басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның үлестірілмеген жарияланған акцияларының түрін өзгерту;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен шарттарын және оларды өзгертулерін айқындау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына аударылатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) үлестірілген акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастың шарттары мен тәртібін анықтау;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлап алу және олардың өкілеттілігінің мерзімнен тыс аяқталуын анықтау;
- 9) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтап, олардың мүшелерін сайлау мен өкілеттіліктерінің мерзімінен тыс аяқталуын, сонымен қатар өз міндеттерін орындағаны үшін Директорлар Кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы мен өтемақының шарты мен көлемін айқындау;
- 10) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржылық есепті бекіту;
- 12) Қоғамның таза кірісін қаржылық жылдың есебіне сай бөлу тәртібін бекіту, жай акция бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімін қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд көлемін бекіту;
- 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларына ерікті түрде делистинг жасау туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамның өзге заңды тұлғалардың құрылуы мен қызметіне қатысу, немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) пайыз немесе одан да көп сомлада активтердің бір немесе бірнеше бөліктерін тапсыру (алу) туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам акционерлердің жалпы жиналысын өткізуді акционерлерге хабарлау формасын анықтауы және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау туралы шешім қабылдау;

17) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам тарпынан сатып алынған акциялар құнын анықтау методикасына өзгерістерді бекіту;

18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) Жарғының 148 тармағын есепке ала отырып акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін айқындау, бұған бұқаралық ақпарат құралдарын қарастыру да кіреді;

20) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

21) шешімін қабылдау Заң және (немесе) осы Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысы компетенциясына жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыру;

Акционерлер жалпы жиналысының 1) -4) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселер бойынша шешімдері Қоғамдағы дауысқа ие акциялардың білікті басым көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелерге қатысты шешімдері дауыс беруге қатысқан Қоғамдағы жалпы дауысқа ие акциялардың қарапайым көпшілікпен қабылданады.

66. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне байланысты мәселелері бойынша шешуде Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімін өзгертуге құқығы бар.

67. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар Кеңесі тарапынан шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жиыны:

1) Директорлар Кеңесінің бастамасымен;

2) Ірі акционердің бастамасымен шақыртылады.

Өз еркімен таратылу барысындағы акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның тарату комиссиясы тарапынан шақырылып, дайындалып, өткізілуі мүмкін. .

68. Акционерлердің жалпы жиналысына дайындалу және өткізу төмендегілер арқылы жүзеге асырылады:

1) Басқарма;

2) Онымен жасалынған келісім шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы.

69. Акционерлер алдағы болатын жиналыс туралы 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар болуы тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс беру болған жағдайда жиналыс өткізілерден 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлануы керек.

70. Егер Қоғам акционерлердің жалпы жиналысын өткізбек болса, уәкілетті орган талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен пруденциялық және басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе жиналыстың күн тәртібіне енгізілсе, алда өткізілетін жалпы жиналыс туралы акционерлерге жиналыс басталудан бұрын 10 (он) күннен кешікпей, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін жағдайда 15 (он бес) күннен кешікпей өз акционерлеріне жазбаша хабар берілуі тиіс.

71. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануға тиіс немесе оларға жолдануы керек. Егер Қоғамдағы акционерлердің саны 50 (елуден) аспаса хабарлама акционерге жазбаша хабарлама түрінде жөнелтілгені дұрыс.

Қоғамдағы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама мына мәселелерді қамтуы керек:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен тұрғылықты жері;

2) жиналыс өткізудің инициаторы туралы ақпарат;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өтетін күні, уақыты, өтетін жері, жиынға қатысушыларды тіркеу басталу уақыты, сонымен қатар егер бірінші жиын өтпей қалса қайтадан болатын акционерлердің жалпы жиналысының уақыты, орны;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығына ие болған акционерлердің тізімін жасау мерзімі;

5) Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күн тәртібі;

6) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыру реті.

Акционерлердің жалпы жиналысындағы күн тәртібінде қаралатын мәселелерді шешу кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Миноритарлық акционердің Қоғам тіркеушісіне өтініш білдіруге құқығы бар.

Миноритарлық акционердің өтініш білдіру тәртібі мен Қоғам тіркеушісінің ақпаратты өзге акционерлерге таратуы бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу шартымен бекітіледі.

Қоғам акционерлерінің жылдық немесе кезекті немесе кезектен тыс жалпы жиналысындағы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Заң талаптарына сәйкес құрылуы тиіс және акционерлерге ұсынылуы тиіс.

72. Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысының белгіленген өткізу күнінен кейін келесі күнге белгіленуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиынын қайталап өткізу акционерлердің жалпы жиыны өтуге тиіс болып, бірақ өтпей қалған жерде болуы керек. Қайтадан болатын акционерлердің жалпы жиналысындағы күн тәртібі іске аспаған акционерлердің жалпы жиынындағы күн тәртібінен ерекшеленбегені дұрыс. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізу кезінде жүзеге аспаған жалпы жиналыстың күн тәртібі қаралып, шешім қабылданады, егер:

1) Кворумның болмауынан жүзеге аспаған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталды;

2) тіркеу аяқталған сәтте қатысушы акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) саны Қоғамның дауысқа ие акциясының 40 (қырық) не одан да көп пайызынан астам болса, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер де есепке алынады.

73. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрады, онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің тізімі түбегейлі тұжырымдалуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиынының күн тәртібіне ірі акционер немесе Директорлар кеңесі тәрпынан қосымша енгізе алады, бірақ Қоғам акционерлері Заң бойынша бекітілген тәртіпке сай жиналыс өтерден 15 (он бес) күн бұрын мұндай қосымшалар туралы хабарлануы керек.

74. Акционерлердің жалпы жиналысында күн тәртібінде қосылмаған мәселелер қарастырылмайды, шешім қабылданбайды.

75. Егер жиналысқа қатысуға құқығы бар, дауысқа ие акционерлердің ішінен жиынға қатысушы акционерлер немесе олардың өкілдерінің саны тіркеу аяқталғанға дейін Қоғам акциясының тұтас алғанда 50 (елу) не одан да көп дауысқа ие акциясын құрайтын болса акционерлердің жалпы жиынында күн тәртібіне қойылған мәселелер қаралып, шешім қабылданады.

76. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, қаралатын мәселелерге дауыс беру үшін жеке өзі келуге немесе өз өкілін жіберуге құқығы бар. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімхат негізінде әрекет жасайды.

77. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылмас бұрын жиналысқа келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жұмысы жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды да, дауыс беруге құқықсыз болып танылады.

78. Акционерлердің жалпы жиналысы белгіленген уақытта кворум жеткілікті болған жағдайда ашылады.

79. Акционерлердің жалпы жиналысы (президиум) төрағасы немесе жалпы жиналыстың хатшысын сайлайды.

80. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру формасын анықтайды – ашық немесе құпия (бюллетень арқылы). Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» ұстанымы негізінде жүзеге асады, сонымен қоса оны (президиум) төрағасын, акционерлердің жалпы жиналысының хатшысын да сайлай алады, ал шешім жиналысқа қатысушылардың басым дауыс беруі бойынша қабылданады.

81. Акционерлер саны 100 (жүзден) кем болатын Қоғамда есеп комиссиясының

функциясын акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы атқарады.

82. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінде жазылған барлық мәселелер қаралып, оларға қатысты шешімдер қаралған соң барып жабық деп жарияланады.

83. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы да қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауысымен бірге қабылдануы мүмкін (аралас дауыс беру), немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ қабылданады. Сырттай дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай анықталады.

84. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» ұстанымы бойынша жүргізіледі, төмендегі жағдайларды есепке алмағанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған талапқа сай бір акционерге берілген акция бойынша дауыстардың максималды санын шектеу жасау кезінде;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлағанда кумулятивті дауыс беру кезінде;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әрбір тұлғаға процедуралық мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысында бір дауыс беру;

85. Акция бойынша кумулятивті дауыс беру кезінде акционер дауыстарын Директорлар кеңесіне мүшелікке үміткерге толығымен берілуі мүмкін немесе директорлар Кеңесіне мүшелікке үміткер бірнеше адамға бөлінуі мүмкін. Директорлар Кеңесіне барынша көп дауыс жинаған үміткерлер сайланады.

86. Дауыс беру қорытындысы бойынша дауыс берудің нәтижесі туралы хаттама дайындалып, қол қойылады. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижесі акционерлерге бұқаралық ақпарат құралдарына жариялану арқылы немесе акционерлердің жалпы жиын отырысы жабылғаннан кейін 10 (он) күн ішінде әрбір акционерге бағытталған жазбаша хабарлама жіберу арқылы белгілі болады.

87. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жиналыс аяқталғаннан кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалып, қол қойылады.

88. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қоятын мүшелер:

1) Төраға (президиум мүшелері) немесе акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы;

2) Есеп комиссиясының мүшелері немесе хатшысы;

3) Қоғам акциясының және акционерлердің жалпы жиынының отырысына қатысқан акционерлердің арасында дауыс беретін акциялардың 10 (он) немесе одан да көп пайызына ие акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғалар міндетті орындай алмайтын жағдайда хаттамаға өзіне берілген сенімхат негізінде сол адамның өкілі қол қояды.

89. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында төмендегілер көрсетіледі:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен тұрғылықты жері;

2) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін уақыты, мерзімі және мекені;

3) Акционерлердің жалпы жиынында бас қосатын Қоғамның дауысқа ие акцияларының саны туралы мәліметтер;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру тәртібі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысының (президиум) төрағасы және хатшысы;

8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеуі;

9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде қаралатын, дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің дауыс санын есептеу;

10) Дауыс беруге арналған мәселелер, сол мәселелер бойынша дауыс қорытындысы;

11) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) қаралатын болса жалпы жиынның хаттамасында Директорлар кеңесінің таңдалған мүшесі қандай акционердің өкілі екендігі немесе Директорлар

кеңесінің сайланған мүшесінің ішінде қайсысы тәуелсіз директоры екендігі көрсетіледі.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

90. Директорлар кеңесі – акционерлердің жалпы жиналысының міндетіне жатқызылған мәселелерді есепке алмағанда, Қоғамның қызметіне жалпы қолбасшылық жасайтын Қоғам кеңесі.

91. Директорлар кеңесінің ғана компетенциясына жататын мәселелер төмендегідей:

1) Қоғам қызметінің негізгі басым бағыттарын айқындау және Қоғамды дамыту стратегиясын немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қоғамды дамыту жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жалпы жиналысының жылдық және кезектен тыс отырысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Үлестіру (өткізу) акцияларды туралы шешім қабылдау, соның ішінде жарияланған акциялардың саны мөлшерінде үлестіретін (өткізілетін) акциялардың саны туралы, оларды үлестіру бағасын мен әдісі туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның үлестірілген акцияларды немесе өзге бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу құнын анықтауға қатысты шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Қоғамның бағалы қағаздар өндірісін және облигацияларды шығару шартын анықтау және оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Басқарманың өкілеттілік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерін сайлау, және олардың өкілеттілігінің мерзімінен тыс аяқталуын анықтау;

9) Басқарма мүшелері мен жетекшісіне төленетін еңбекақы мен сыйақы шарттарын және лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау;

10) Ішкі аудиттің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның қолбасшысын және мүшелерін тағайындау, және олардың өкілеттілігінің мерзімінен тыс тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі жұмысшыларының еңбекақысы мен сыйақы төлем шарттарын және мөлшерін анықтау;

11) корпоративтік хатшының өкілеттілік мерзімін, өкілеттілігін мерзімнен тыс тоқтату, сонымен қоса корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысын және төленетін сыйақы шарттарын анықтау;

12) Аудиторлық ұйымның қызметіне төленетін ақы мөлшерін, оған қоса Қоғамға акция үшін төлеген немесе ірі мәміле құралы болып табылатын мүліктің рыноктық құнын айқындайтын бағалаушыға берілетін жалақының мөлшерін белгілеу;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Басқарма Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған құжаттарды есепке алмағанда), сонымен қоса Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою және аукциондарды өткізу тәртібін және шарттарын айқындайтын ішкі құжаттарды да бекіту;

14) Қоғам өкілдіктері мен филиалдарын құру және жабу туралы шешімдерді қабылдап, олардың дәйектемелерін бекіту;

15) Қоғамның 10 (он) немесе одан да көп пайыз акцияны (жарғылық капиталға қатысу бөлігі) өзге заңдық тұлғалардан сатып алуы туралы шешім қабылдау;

16) 10 (он) немесе одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі болатын заңды тұлғаның акционерлер (қатысушылар) жалпы жиналысының міндетіне жататын олардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау;

17) Өз капиталынан 10 (он) немесе одан да көп пайызын құрайтын мөлшерге Қоғамның міндеттемелерін көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен шектелетін құпия ақпараттарды анықтау;

19) Ірі мәміле жасау туралы шешімдерді және жүзеге асса Қоғамға пайда келтіретін мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

20) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған өзге де мәселелер;

92. Қоғамның директорлар Кеңесінің компетенциясына ғана қатысты мәселелер Қоғам Басқармасының шешіміне берілмейді.

93. Директорлар Кеңесі осы Жарғы бойынша Басқарманың компетенциясына қарайтын мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешім қабылдай алмайды.

94. Өте маңызды мәселелерді қарастыру үшін және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеті құрылады. Директорлар кеңесінің комитеті өз қызметін Қазақстан Республикасының және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

95. Директорлар кеңесі төмендегілерді орындауы қажет:

1) Лауазымды тұлғалар мен акционерлер мүдделерінің деңгейіндегі әлеуетті дауларды қадағалау және мүмкіншілік болса жою, соның ішінде Қоғамның мүлкін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелер жасау кезінде қиянат жасау;

2) Қоғамдағы корпоративті басқару практикасының тиімділігіне бақылау жүргізу.

96. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға сайланады. Директорлар кеңесінің мүшесі оған артылған функцияны орындауды Заңға және осы Жарғыға сәйкес басқа тұлғаға тапсыруға құқығы жоқ.

97. Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегілерден сайланады:

1) Акционерлер – жеке тұлғалар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде ұсынылған тұлға;

3) Қоғамның акционері емес жеке тұлға, және Директорлар кеңесіне акционерлердің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде ұсынылмаған тұлға.

98. Директорлар кеңесіне мүшелікке сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылып дауыс беруге арналған бюллетендерді пайдаланылады, Директорлар кеңесінің бір орнына бір үміткер сайлауға түсуді қоспағанда.

Кумулятивті дауыс беру бюллетендері келесі бағандардан тұрады:

1) директорлар кеңесіне мүшелікке үміткерлер тізімі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) директорлар кеңесіне мүшелікке үміткер үшін акционер берген дауыстар саны.

Кумулятивті дауыс беру үшін Бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру түрлерін енгізуге тиым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарының барлығын директорлар кеңесіне мүшелікке бір үміткерге немесе бірнеше үміткерлер арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің екеуі немесе одан да көбі бірдей дауыс жинаса, бірдей дауыс жинаған үміткерлер көрсетілген кумулятивті дауыс беру бюллетендерін акционерлерге ұсыну арқылы сол үміткерлерге қатысты қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.

99. Қоғам басқармасының төрағасы Директорлар кеңесіне сайлана алады, бірақ Директорлар кеңесінің төрағалығына сайлана алмайды.

100. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешіммен анықталады. Директорлар кеңесінің мүшесі 3 (үш) адамнан кем болмауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының 30 (отыз) пайызынан кем емес бөлігі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

101. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында

сайланады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында басқаша көрсетілмесе шектеусіз бірнеше рет қайта сайлана алады.

102. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі. Директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлауы өтетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

103. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімнен тыс тоқтатуға құқылы.

104. Директорлар Кеңесі мүшесінің өз қалауымен өкілеттілігін мерзімінен тыс тоқтату Қоғамның Директорлар Кеңесіне жазған мәлімдемесі негізінде жүзеге асады. Мұндай Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі аталған хабарлама хатты Директорлар Кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.

105. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен тыс тоқтатқан жағдайда Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады, бұл жағдайда жаңадан сайланған Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттілігі Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі тұтас аяқталған кезге сай келеді.

106. Қоғамның Директорлар Кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының басым дауысымен өткен мүше сайланады.

107. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырып, соған төрағалық жасайды, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бекіткен тәртіпте отырыстарда хаттама жүргізілуін ұйымдастырады.

108. Қоғамдағы Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың қалауымен келесі тараптардың талаптары бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесі;
- 2) Қоғамның ішкі аудитінің қызметі;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) Ірі акционер.

Директорлар кеңесінің отырысын ұйымдастыру, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну және отырысты өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

109. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелер санының жартысынан кем болмауға тиіс. Егер Жарғыда белгіленген Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворум құрауға жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі жаңа мүше сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруы керек. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері мұндай акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақырылуы туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

110. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысындағы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысындағы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып саналады.

111. Көзбе-көз өткізілген отырыста қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлғамен жасалған және қолы қойылған, және Директорлар кеңесі хатшысының қолы қойылған хаттамамен отырыс өткеннен кейін үш күн ішінде ресімделеді және төмендегілерді қамтиды:

- 1) толық атауы және Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс салуға қойылған мәселелер, және Директорлар Кеңесі отырысындағы күн

тәртібінің әрбір міселесі бойынша Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар Кеңесінің шешімдері шешіміне қатысты басқа мәліметтер.

112. Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінде қаралатын мәселелерге сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау тәртібі акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға ұқсас болып келеді. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаудағы кворум осы Жарғының 109 тармағына сәйкес анықталады. Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының хаттамасы жазбаша түрде рәсімделуі қажет және аталған шешімді қабылдауға қажетті мөлшердегі Директорлар кеңесінің мүшелері қол қойған жағдайда ғана жарамды болып саналады.

113. Қоғамның Директорлар кеңесінің хаттамасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес отырыс өткеннен кейінгі 3 (үш) күннен кешікпей рәсімделіп, Директорлар Кеңесінің хатшысы мен отырыста төрағалық етушінің қолы қойылады.

14. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

114. Қоғамның ағымдағы қызметін коллегиялық атқарушы орган – Қоғам Басқармасы жүзеге асырады, ол Қоғамның өзге лауазымды тұлғаларының және басқа органдарының компетенциясына кірмейтін Қоғам қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

115. Қоғам Басқармасының сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

116. Басқарма мүшелері ретінде Қоғам акционері болып танылмайтын Қоғам акционерлері мен қызметкерлері болуы мүмкін. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана өзге ұйымдарда жұмыс істей алады. Басқарма Төрағасы атқарушы органның қолбасшысы қызметін немесе өзге заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін жалғыз атқаратын тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма мүшесінің қызметі, құқығы және міндеттемелері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен және Қоғамның аталған тұлғамен бекітілген еңбек келісім шартымен анықталады. Басқарма Төрағасымен еңбек келісім шартына Қоғамның атынан Директорлар Кеңесінің төрағасы қол қояды немесе акционерлердің жалпы жиналысынмен (жалғыз акционерімен) немесе Директорлар кеңесімен өкілеттелген тұлға қол қояды. Басқарманың өзге мүшелерімен еңбек келісім шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

117. Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімімен Басқарма мүшелерінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

118. Қоғам Басқармасын Қоғам Басқармасының Төрағасы басқарады, оны Қоғам Директорлар кеңесі сайлайды (тағайындайды).

119. Басқарманың отырысына Қоғам Басқармасы мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес адам қатысқан кезде заң күшіне ие болып саналады.

120. Басқарма отырысы қажетті жағдайда Басқарманың кез-келген мүшесінің қалауымен айына бір реттен артық емес дәрежеде шақырылады.

121. Басқарма отырысында қаралуға тиіс мәселелердің шешімін отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысы шешеді, және Заң талаптарына сәйкес Басқарманың хаттамасы түрінде рәсімделеді.

122. Басқарманың отырысын жүргізу Қоғам Басқармасының Төрағасы тарапынан жүзеге асырылады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші дауыс болып саналады.

123. Басқарма отырысында қаралатын мәселелердің шешімі көзбе-көз немесе сырттай қабылдануы мүмкін және соған тиісті Басқарманың көзбе-көз және сырттай отырысының

хаттамасы ретінде рәсімделеді. Басқарманың шешімі Заң талаптарына сәйкес көзбе-көз немесе сырттай отырысының хаттамасы ретінде рәсімделеді.

124. Басқарма отырысының хаттамасын отырыс хатшысы жүргізеді. Басқарма шешімімен Басқарма мүшесі келіспеген жағдайда талап ету құқығы бар, ал хатшы хаттамаға ерекше пікірді енгізуге міндетті. Басқарманың отырысының хаттамасы оған Басқарма төрағасы, аталған отырысқа қатысқан Басқарма мүшелері және отырыс хатшысы қол қойған жағдайда жарамды болып табылады.

125. Қоғам Басқармасы акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің), директорлар Кеңесінің шешімінің орындалуын қамтамасыз етеді, және тек қана акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) және Қоғам Директорлар кеңесінің ғана өкілеттілігінде болып саналатын мәселелерден басқа барлық мәселелер бойынша шешім қабылдай алады.

126. Басқарма келесі функцияларды атқарады:

1) Қоғам қызметін ұйымдастыру үшін дайындалған ішкі құжаттарды бекітеді, бұған бекітілімі Қоғамның өзге органдарының компетенциясына кіретін құжаттар жатқызылмайды;

2) Қоғамның құрылымы мен штатын, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, өз компетенциясына жататын, жаза беріп немесе кешірім жасауға болатын ішкі қағидаларды бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қайшы келмейтін және Қоғамның басқа органдарының құзыретіне қатысты емес өзге функцияларды жүзеге асырады.

127. Басқарма Төрағасын Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайды (тағайындайды) және Қоғам қызметіне оперативті түрде қолбасшылық етеді.

Қоғам Басқармасының Төрағасы:

1) Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастырады;

2) акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) және Қоғам директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) Қоғамның атынан үшінші тұлғалармен сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Қоғамға үшінші жақтармен байланыс жасауға құқық беретін сенімхат береді;

5) Қоғамның жұмысшыларын қабылдайды, орналастырады және жұмыстан шығарады (Заңда бекітілген жағдайлардан басқа), оларға кешірім жасау, ынталандыру шараларын қабылдап, тәртіптік жазаларды тартқызады, Қоғам жұмысшыларының лауазымдық жалақыларының мөлшерін анықтап, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыға жекелеген үстемелер қосу тәртібін айқындайды, Қоғам жұмысшыларына берілетін сыйақы мөлшерін белгілейді, бұл қатарға Басқарма құрамы мен Қоғамның ішкі аудитінің қызметкерлері кірмейді.

6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттемелерін атқаруды Басқарманың өзге бір мүшесіне табыстайды;

7) Басқарма мүшелері арасындағы міндеттемелерді, өкілеттілік өрісі мен жауапкершілікті бөліп береді;

8) Қоғам жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен (жалғыз акционердің) және Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.

15. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

128. Қоғамның қаржылық-шаруашылық әрекетіне бақылау жасау мақсатында Қоғамның ішкі аудитінің қызметі құрылады.

129. Ішкі аудит қызметінің құрылу тәртібі мен қызметі, ішкі аудит қызметкерлерінің жалақысының мөлшері мен төлену шарты, қызметкерлерді марапаттау жұмыстарын Қоғам Директорлар кеңесі шешімімен анықталады.

130. Ішкі аудит қызметінің жұмысшылары Басқарма мен Директорлар кеңесінің

құрамына сайлана алмайды.

131. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынып, өз жұмысы жайлы оған есеп береді.

16. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ ЖӘНЕ АУДИТІ

132. Қоғамның бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есепті құрастыру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңнамасына негізделеді.

133. Басқарма жыл сайын акционерлердің жылдық жиналысында, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген, өткен жылдың қаржылық есебін, оны талқылап, бекітуге ұсынады. Қаржылық есептен бөлек Басқарма жалпы жиналыста аудиторлық есеп тапсырады.

Жылдық қаржы есебі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өту күнінің алдында 30 (отыз) күн бұрын Директорлар кеңесі тарапынан алдын-ала бекітілуі керек. Жылдық қаржы есебін түбегейлі бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүзеге асады.

134. Қоғам жыл сайын капиталдағы барлық өзгерісті көрсететін жылдық бухгалтерлік балансты, есепті, қаржы қозғалысы туралы есепті және кіріс пен шығыс туралы есепті өкілетті орган бекіткен мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті. Қоғамның қосымша өзге қаржылық есепті жариялауға да құқығы бар.

135. Ірі мәміле туралы мағлұмат және (немесе) жүзеге асырылуы пайда туғызатын мәміле қаржы есебінің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржы есебіне жасалған түсіндірме хатта ашылып айтылады.

136. Қоғам жылдық қаржы есебінің аудитін өткізуге міндетті. Қоғам аудиті директорлар Кеңесінің, Басқарманың талабымен Қоғам қаржысына өткізіледі немесе ірі акционердің талабымен оның қаржысына өтеді, мұндай жағдайда ірі акционер аудиторлық ұйымды өзі таңдауға құқылы. Аудит ірі акционердің талабымен өткен жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) ұсынуы қажет. Егер Қоғам Басқармасы Қоғам аудитін өткізуден бас тартса, аудит өткізу кез келген мүдделі тұлғаның арызы бойынша соттың шешімімен орындалады.

17. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

137. Қоғамды қайтадан құру (бірігу, өзгеге қосылу, бөліну, бөлініп кету, қайта құрылу) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сай Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асады.

138. Қоғамды өз еркімен тарату акционерлердің жалпы жиынында қабылданады, онда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған талапқа сай несие берушілермен келісу арқылы тарату процедурасы олардың тікелей бақылауымен іске асады.

139. Қоғамды мәжбүрлеп тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған талаптарға сай соттың шешімімен жүзеге асады.

140. Қоғамды тарату үшін соттың шешімімен немесе тарату туралы акционерлердің жалпы жиналысында тарату комиссия құрылады. Тарату комиссияның Қазақстан Республикасының заңнамаларында тізімі белгіленген іс-әрекеттерді орындайды таратылу барысында Қоғамды басқаруға өкілеттілігі бар.

141. Өз еркімен тарату кезінде тарату комиссияның құрамына Қоғам несие берушілерінің өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сонымен қоса Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген өзге тұлғалар кіре алады.

142. Қоғамды тарату процедурасы және несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Қоғамды таратқан

кезде оның жарияланған, оның ішінде үлестірілген акцияларын Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген ережеге сай жойылуы керек.

143. Қоғам мемлекеттік тіркемеге тиісті жазу енгізілгеннен кейін таратылған болып саналады.

18. ҚОҒАМНЫҢ ЖЕКЕМЕНШІК МҮЛКІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

144. Қоғамның жекеменшік мүлкін құқықтық қорғау және оған тиесілі құқықтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай жүзеге асырылады.

145. Қоғам мен оның жұмысшылары арасындағы еңбек қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Директорлар кеңесі қабылдаған нормативтік құжаттармен, Басқарма Төрағасы мен Басқарма шығарған бұйрықтармен, осы Жарғымен және Қоғам жұмысшыларымен бекітілген жеке еңбек келісім шартымен реттеледі.

19. АҚПАРАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН САҚТАУ

146. Қоғамдағы корпоративті келесі жаңалықтар туралы Қоғам өз акционерлері мен инвесторларына жеткізуге міндетті:

1) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторларға жеткізілуі тиіс мағлұматқа қатысты мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінде қабылданған шешім;

2) Қоғамның акция немесе өзге бағалы қағаздарды шығаруы және Қоғамның бағалы қағаздарын үлестірілудің қорытындылары туралы есебті өкілетті органның бекітуі, Қоғам бағалы қағаздарының өтелгені туралы қорытынды есепті бекітуі, өкілетті орган тарапынан Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның ірі келісім жасауы және жасалуы Қоғам үшін пайда әкелетін келісімдер;

4) Қоғамның өз капиталы көлемінің 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын құрайтын қарыз алуы;

5) Қоғамның қандай да бір іс-әрекет түрімен айналысуға лицензия алуы, Қоғамның қандай да бір іс-әрекет түрімен айналысуға бұрын алған лицензия мерзімінің тоқтатылуы немесе аяқталуы;

6) Қоғамның заңдық тұлғаларды құруға қатысуы;

7) Қоғам мүліктеріне тыйым салу;

8) нәтижесінде Қоғам мүлкін жоятын, Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінен баланстық құны 10 (он) немесе одан да көп пайызды қамтыған төтенше сипатқа ие жағдайлар туындайтын болса;

9) Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

11) Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта құру туралы шешім қабылдау.

12) Қоғам активтерінің 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) тапсыру;

13) осы Жарғыға, сонымен бірге Қоғам акцияларын шығару аңдатпасына сәйкес Қоғам акционерлері мүддесіне қатысты өзге оқиғалар.

Корпоративтік оқиғалар туралы мағлұматты ұсыну Заң және осы Жарғыға сәйкес беріледі.

Коммерциялық құпияға ие мағлұматты білетін Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді Қоғам қамтамасыз етеді.

147. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұсынылуға тиісті ақпараттар

«Курсивъ» және/немесе «Казахстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттерінде басылып шығады және/немесе Қоғамның веб-сайтында жарияланады. Сондай-ақ Қоғам аталған ақпараттарды Қоғам акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберіп, қосымша хабардар етуге құқығы бар.

148. Егер Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілермен мағлұматты жариялау (акционерге жеткізу) мерзімі қарастырылмаса, бұл мағлұмат пайда болған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде жарияланады (акционерге хабарлау).

Корпоративтік дау туралы сотта істің қозғалуы туралы мағлұматты Қоғам соттан корпоративтік дау бойынша азаматтық іске қатысты тиісті хабар қағаз (шақыру) алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде акционерлерге жеткізуі тиіс.

149. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген Қоғамның қызметіне байланысты құжаттарды Қоғам өз қызметінің барлық мерзімінде сақтайды. Өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген мерзіммен сақталады. Құжаттар Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде сақталады немесе Қоғам басқармасы бекіткен жеке немесе мемлекеттік мұражайларда сақталуы керек.

150. Акционердің талабы бойынша Қоғам оған Заңда қарастырылған құжаттарды беруге міндетті, бірақ заңмен қорғалатын қызметтік, коммерциялық және өзге де құпияларды ұсынуда шектеу енгізуге болады.

151. Ақпарат алғысы келген акционер Қоғамның Басқарма Төрағасына жазбаша түрде өтініш білдіреді. Акционердің өтініші Қоғам ішкі құжаттарын тіркеу журналына тіркелуі қажет. Қоғам акционерге талап еткен қажетті ақпаратты (қажетті құжаттардың көшірмесін) өтініш білдірілгеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынуы тиіс. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, үлестіру, айналдыру, айырбастау және конвертация сияқты мәселелерді қамтитын құжаттар, коммерциялық, қызметтік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға ие құжаттар акционерге оның талабы бойынша танысып шығуға берілуі керек.

152. Құжаттар көшірмесін ұсынғаны үшін төлем мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмесін дайындауға және оны акционерге жеткізуге кеткен шығындардан аспауы керек.

153. Қоғам өзінің аффилирлі тұлғаларының есебін сол тұлғалар немесе Қоғам тіркеушісі ұсынған мәліметтерге сай жүргізеді.

154. Қоғам акционерлері мен лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген қағидаға сай көлемде өздерінің аффилирлі тұлғалары туралы мәлімет береді.

155. Қоғамның аффилирлі тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өздерінің аффилирлі тұлғалары туралы аффилирлік туындаған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қоғамға мәлімет беруге тиіс.

20. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

157. Егер осы Жарғының бір ережесі жарамсыз болып танылса, бұл өзге ережелерге ықпал етпейді. Жарамсыз ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық тұрғыда мүмкін болатын және құқықтық тұрғыда сай келетін қағидамен алмастырылады.

158. Қоғамның қызметіне қатысты, бірақ осы Жарғыда көрсетілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

«Halyk Finance» АҚ
Басқарма Төрағасының
өкілетті тұлғасы



Тулибергенов Еркебулан Муратович



Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

Жиырма алтыншы маусым, екі мың он екінші жыл. Мен, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігімен 20.10.2004 жылы берілген № 0001993 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының нотариусы Сагиева Гүльнара Нурпеисовна, менің көзімше құжатқа қол қойған азамат **Тулибергенов Еркебулан Муратович**, қойған қолының түпнұсқа екендігін куәландырамын. Құжатқа қол қоюшының жеке басы, іс-әрекетке қабілеттілігі анықталды, өкілеттілігі құқықтық негізінде бекітілген.

Тізілімде № 1-17950 болып тіркелді.

Жеке нотариусқа төленген сома- 162 тенге +1618 тенге.

Нотариус

